

Орта білім беру үйымдарында
білім алушыларды
тамақтандыруды үйымдастыру,
сондай-ак мектепке дейінгі
үйымдарда, жетім балалар
мен ата-анасының
қамкорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру
үйымдарында тәрбиеленетін
және білім алатын балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз
етумен байланысты тауарларды
сатып алу қағидаларына
2-қосымша

Жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттама

Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру және білім алатын балалардың тамақтандыруын қамтамасыз ету

Конкурсты үйымдастырушы: «Сарысу ауданы әкімдігі білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, Жібек жолы көшесі №31, БСН:120540003561, БИК:ККМFKZ2A, тел: 8(72634) 6-12-16, Эл.почта: sarysy.bilim@mail.ru, индекс:080700

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс өнім берушіні таңдау мақсатында өткізіледі Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру және білім алатын балалардың тамақтандыруын қамтамасыз ету

2. Көрсетілетін қызметті немесе тауарды сатып алу жөніндегі осы конкурс (22-ші лот) үшін бөлінген сома 94 500 теңгені құрайды, Сарысу ауданы әкімдігі білім бөлімінің Досбол орта мектебінің жазғы сауықтыру лагеріндегі білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру және білім алатын балалардың тамақтандыруын қамтамасыз ету.

3. Осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерді алушылар санаттарының тізбесін, тауарды берушіні таңдау кезінде 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесін;

2) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша қызметті (окушыларды тиімді тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін талап

етілетін перспективалы мәзір қоса беріле отырып) немесе тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмалары;

3) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша занды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

4) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшаларға сәйкес таңдау өлшемшарттарын;

6) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес үлгілік шартты қамтиды.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызынан кем емес мөлшерде конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің қамтамасыз етуін төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

1) мынадай банк шотында **БИН:120540003561, БИК:ККМFKZ2A ИИК: KZ120705034646682001, КНП:171** орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасы;


2) банктік кепілдік.

Қағидалардың 22 (90)-тармағына сәйкес құжаттар пакетін әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі **2020 жылдың 24 қантарынан бастап 2020 жылдың 17 ақпанға дейінгі** мерзімге дейін конкурсты ұйымдастырушының **«Сарысу ауданы әкімдігі білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, Жібек жолы көшесі №31 үй** мекен-жайында орналасқан пошталық мекен-жайына жібереді немесе комиссияның хатшысына **2-ші қабат, Мемлекеттік сатып алу бөлімшесіне қолма-қол береді.**

Құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парагына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

Бөлім басшысы:

 **I.A.Баймағамбетов**

